

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : шағын орталық,

«Балдырған»

Топ: кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.11 - 10.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні :Соспанова Ж.С.

Тексерді:

Оқу ісінің меңгерушісі:Алиманов А.Ж.\Шокаева А:Т.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	06.11.2023	07.11.2023	08.11.2023	09.11.2023	10.11.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен жол жүру және жол жүру ережесі".				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қурап қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; сұқұйғыш арқылы суаруды көрсету.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнын жинауға ынталандыру, мақтау.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышындағы сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қолды қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалық сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын (суретін) көрсету.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу.</p>
--	---	---	---	---	--

	<p>"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру.</p> <p>- Көлікке сай дөңгелекті салайық, - Көшеге көлікті шығарайық.</p>	<p>Үстел үсті ойын. "Бағдаршам".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Түсі үш түрлі, көлемі біркелкі дөңгелектерден бағдаршамды үстелде құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, түсті қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>"Бағдаршамдар ұйықтамайды".</p> <p>Бағдаршамдар ұйықтамайды, Жымыңдайды, жымыңдайды.</p> <p>Бір қарасаң – қып-қызыл, Екі десе – сап-сары.</p> <p>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.</p> <p>Көзі көп, басы біреу.</p> <p>Д. Ахметова Педагог</p>	<p>"Пойыз" үстел ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер немесе басқа біркелкі заттарды (лего бөлшектерін) бір қатарға тізіп, үстел басында пойыз тәрізді жүргізіп, пойыз шығаратын дыбыстарға еліктеп ойнауға ынталандыру; зейінді, дыбыстық сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; эмоциялар сферасын дамыту.</p> <p>Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау.</p> <p>"Ту-ту" жүрдік, Ту-ту-у ...</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыту, тілін, есту зейінін дамыту; бағдаршамның қызметі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау) Жымыңдайды, жымыңдайды.</p> <p>(саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу)</p> <p>Бір қарасаң – қып-қызыл, (саусақтармен "ашып-жұму")</p> <p>Екі десе – сап-сары.</p> <p>(саусақтармен "ашып-жұму")</p>	<p>"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолы туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту.</p> <p>Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткенде қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың" (жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" сөздерін айтып өткізу.</p> <p>Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді.</p> <p>Балаларға жасыл</p>
--	--	--	--	---	---

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1-2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 2-1 жерге отыру, допты жерге қою. 2-2 бастапқы қалыпқа келу. 2-3 жерге отыру, допты жерге қою. 2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 3-1 еңкею, допты жерге қою. 3-2 бастапқы қалыпқа келу. 3-3 еңкею, допты жерге қою. 3-4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>Бір-бірімізге "Сәлем!" айтамыз, Бірге жүріп, тату ойнаймыз. Ендеше көлікке отырайық, Рульді ұстайық та бұрайық.</p> <p>Д. Ахметова</p>

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Домалатайық қане біз". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын қайталату; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдыларын дамыту; балаларды қол мен саусақ бұлшық еттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып жорындауға қызығушылықтарын арттыру; допты домалату техникасын жетілдіру; бір-біріне сенімділік сезіміне тәрбиелеу.</p>	<p>Музыка "Көңілді тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Балалардың дәліз туралы әнді мұқият тыңдап, оның сыр-сипатын ажыратуды үйрету; әнді қабылдау қабілеті мен шығармашылыққа баулу; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды педагогке ілесе қайталай білуге машықтандыру; нанның қасиетімен таныстыру. "Ол не?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Тоқаштың пішініне ұқсайтын заттарды табуды үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Көліктегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен кезек лақтыруды үйрету; допты бастан жоғары лақтыру тәсілінің таныстыру; лақтыру тәсіліне машықтандыру. Балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілетін дамыту.</p>	<p>Дене шынықтыру "Доптарды лақтырайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу. "Лақтырайық көліктен домалаған доптарды" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттері. Допты басынан жоғары көтеріп, алысқа лақтыруды үйрету.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Пойыз келе жатыр". Мақсат-міндеттері. Балаларды сурет салуға арналған кескіннің пішінін алдына ала зерттей отырып салынатын орындарын бақылауды үйрету; қылқаламды үш саусақпен ұстап, ұшын бояуға малып, түгінің бетін "пойыз вагоны" аясына "пойыз терезелері" тәрізді етіп, бір қатармен біркелкі қимылдармен, жеке жақпалар қойып отыруға дағдыландыру; қылқаламды бояуға қайта малу амалын пысықтау; қылқаламмен салып жатқан жақпаларды байқап, бос жерлерге қайта салып отыруға және сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп</p>
---	--	--	--	--	--

Серуенге дайындык	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналык дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

<p>Серуен</p>	<p>Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі күннің бұлтты және салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. - Ағаштардың жапырақтары қайда? - Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды ма? - Жапырақтар қайда түсті? - Иә, жапырақтар жерде. Жақсы. - Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар</p>	<p>Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның нақпішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін. - Балалар, бұл не? - Бұл бағдаршам. Қайталайықшы.</p>	<p>Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Мәшинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды үчаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-</p>	<p>Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұр ма екен? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан</p>
---------------	--	--	--	--	---

Серуеннен оралу

Балаларды жүйелі түрде шешінуді, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюғды, қолдарын жууды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Музыкадан ойын-жаттығу "Көліктер әні". Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктер жайында әнді тыңдап, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін жетілдіру; музыка әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>"Не, қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеуге ынталандыру; көліктерді ажыратуды үйрету; жағымды</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан саусақтармен қимылдарды жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолға шатыр алайық (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу). Д. Ахметова</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Жүк машинасы жолы". Мақсат-міндеттері. Балаларды кірпіштен жүк машинасына кең жол салудың тәсілдеріне үйрету; кірпішті бір-біріне тізбектеп қосуға дағдыландыру; өзі жасаған еңбек нәтижесінен эмоциялық әсер алу қабілетін қалыптастыру; педагогтің көрсеткен тәсілдерін дұрыс ұғынып, жүк машинасын жасау икемділіктерін арттыру. Балалардың кірпіштен жүк машинасын жасауда қолдарының ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын, ептілігі мен қабілетін дамыту. "Жүк машинасына</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жүргізуші әрекетін бақылау". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік туралы жалпы түсінік беріп, жүк көлігі машинасымен таныстыру, жүк машинасының негізгі бөліктерін атай білуге үйрету, жүк машинасының пайдасы туралы түсінік беру. "Саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды үйрету. Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуге үйрету;</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Паровоз". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қ. Мырза Әлидің "Паровоз" өлеңі үзіндісімен таныстыра отырып, ойын барысында паровоз көлігінің дыбысы, негізгі қимыл қасиеттері жөнінде түсінік беру; шығарма мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. "Торғайлар мен автомобиль" қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бірлесіп ойнауды үйрету. "Пойыз" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды текшелер</p>
--	---	--	--	--	---

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. "қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"</p>	<p>"Жүрейік" қимыл жаттығуы. Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Жаңбыр жауса – тұрмайық, Қолға шатыр алайық Там-там соқса тамшылар, Жамылып отырайық. Д. Ахметова</p>	<p>"Алмалар". Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді үзу, шарларды илеу амалдарын игерту.</p>	<p>Қ. Мырза Әли "Паровоз". Пыс-пыс! - деді, Уһ-уһ! - деді Бір кезде. Пыш-пыш! - деді, Уф-уф! - деді Бір кезде. Тақы-түкі, Тақы-түкі, Тез өт! - деп, Тоқтамайды дөңгелектер безектеп.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өздігінен шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)</p>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қиылған бөліктерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика)</p> <p>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.</p> <p>Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ән салу жаттығулары: көлік түрлері туралы ән салуға шақыру. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен әндерді пысықтау. (музыка)</p> <p>"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкердің өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларға белгілі бір рөлге қажетті атрибуттарды табуды үйрету.</p> <p>"Мәшинелер жүреді" саусақ жаттығуы. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақтың ырғағы мен мазмұнына сай саусақ жаттығуын жасауға ынтыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық мәшинелер.</p> <p>Педагог балалардан балабақшаға мәшине немесе автобуспен жеткенін сұрап жатады, мәшиненің (көліктің) суретін көрсетеді.</p> <p>Жаттығу саусақтарды үстел бетіне жүргізіп, жұдырықтарды қысып, содан соң қолдарымен бұлғау арқылы орындалады.</p> <p>Мәшинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақынға да, алысқа да зырылдайды.</p> <p>Өнер бұрышында көлік түрлерінің суретін бояу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық дағдылар)</p>
--	---

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланы бағдаршаммен таныстыру", "Көліктің негізгі құрылымы", "Баламен жол жүру және жол жүру ережесі".
--	---

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: шағын орталық,
«Балдырған»

Топ: кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.11 - 17.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні :Соспанова Ж.С.

Тексерді:



Оқу ісінің меңгерушісі:Алиманов А.Ж.Шокаева А.Т.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	13.11.2023	14.11.2023	15.11.2023	16.11.2023	17.11.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы".				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; суқұйғышпен суаруды көрсету.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орнынның суретін көрсету.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу.</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>"Ұзын аяқ, ұзын құлақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға "Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу. Көжек ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. Әбен Дүйсенов "Көжек". Қоянның көжегі Сыбдырды сезеді. Өскен соң ол дағы Көп жерді кезеді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>"Аю" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға "Ақ аю" тақпағын мәнерлеп оқу. Ақ аю ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. Құралдар: ақ аю ойыншығы немесе оның суреті. Жүсіп Қыдыров "Ақ аю". Жонынан күн өтсе де, Терлеп ағып кетсе де, Тонын әсте шешпейді. Бүйте берсе ақ аю, Күнге күйіп қарайып Кетсе егер не істейді?! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>"Кірпіні құрастырайық" дамытушы жаттығу (қысқыштармен жаттығу). Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпінің қатпа қағаздан қиылған кескіні бойына қысқыштардың көмегімен тікендерді қадауды үйрету; жасалып болған кірпі бейнесіне қарап, педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту. (сенсорика, танымдық дағдылар) С. Сәрсенов "Кірпі". Үсті ине тізілген,</p>	<p>"Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға "Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу. Көжек ойыншығына қарап отырып, педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеуге баулу. Құралдар: көжек ойыншығы немесе оның суреті. Әбен Дүйсенов "Көжек". Қоянның көжегі Сыбдырды сезеді. Өскен соң ол дағы Көп жерді кезеді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Сурет бойынша әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. Қоянның суретіне қарау, дене бітімін зерттеу жаттығуы. Балаларды суретті сүйемелдеу сөздер және көзбен қарап қабылдау арқылы қоян туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру. Қоянның арманы мықты, Орманнан ытқып шықты. Үйіне қайтайын десе, Адасып, жолды ұмытты. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
--	---	---	--	--	--

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1-2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 2-1 жерге отыру, допты жерге қою. 2-2 бастапқы қалыпқа келу. 2-3 жерге отыру, допты жерге қою. 2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 3-1 еңкею, допты жерге қою. 3-2 бастапқы қалыпқа келу. 3-3 еңкею, допты жерге қою. 3-4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>Жабайы табиғат - Аңдарға туған атырап. Аңдар тау мен тасты мекендейді, Адамға жақын келмейді. Аңдарды бақылайық, Тіршілігіне қарайық.</p> <p>Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Допты жоғарыға лақтырайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін қайталау; лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыра отырып, балалардың дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын және лақтыру қабілеттерін қорытындылау; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу. "Жемістерді себетке жинайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Допты басынан асырып лақтыруды</p>	<p>Музыка. "Торғайсың, тынбайсың!" Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар туралы музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкадағы әсемдік пен нәзіктікті шынайы қабылдай алуға тәрбиелеу. "Торғайдың тамағы" музыкалық-дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттардың арасынан торғайдың жейтін жемін анықтауды үйрету. Еске сақтау, ойлау, зейін, сөйлеуді дамыту. (дене шынықтыру, музыка)</p>	<p>Дене шынықтыру "Аюмен жарысайық!" Мақсат-міндеттері. Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіруге (ені 20 см) үйрету; екі жолдың ортасымен жүру және жүгіру технологияларын игере білу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділігін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру. "Аюмен жүгіріп жарысайық" қимыл ойыны.</p>	<p>Дене шынықтыру "Көпірден құлап кетпейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу. "Аюмен жүгіріп жарысайық" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын дамыту, топтасып ойнауды үйрету.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Кірпі". Мақсат-міндеттері. Балаларды кірпі кескінін бақылай отырып, қысқа тура сызықтарды "инелерді" кірпінің үстіне белгілі қимылдармен салуды үйрету; сызықтың ұзындығын анықтауға жаттықтыру; педагогпен бірге ойын арқылы сурет салу тәсілдерін қабылдай білу икемділігін арттыру; кірпінің орманда мекендейтіні туралы түсінік беру. "Кірпіге сыйлық жинап берейік" зейінге арналған жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Жердегі заттарды еңкейіп жинауды үйрету.</p>
---	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

Серуен	<p>Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға ауладағы ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, олардың қимылдарын анықтауды үйрету.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>"Құстар, құстар, келіңдер".</p> <p>Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, табанына балшықтың жабысқанын балаларға көрсетеді. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, аяғымыздың табанымы кірлеп қалады. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.</p>	<p>Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар! Бізге қоян келді. - Қоянның ұзын құлақтары бар. Қоян</p>	<p>Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, жалаңаш тұрғанын байқату; зейін, ой-қиял қабілеттерін дамыту. - Қараңдаршы, балалар, бұл не? - Ағаштарда жапырақтар бар ма? - Жапырақтар қайда? Педагог көркемсөзді қолданады. М. Әлімбаев "Жапырақ". Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді.</p>	<p>Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарық беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-</p>
--------	--	--	---	--	---

Серуеннен оралу	
------------------------	--

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сенсорикадан ойын-жаттығу "Көліктегі аңдар". Мақсат-міндеттері. Балаларды сенсорикалық нысандардың түсі мен пішінінде айырмашылықтар бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратып, салыстыруды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін бақылап, біртұтас бейнені көріп, жетіспейтін бөлшектермен толтыруға дағдыландыру; салыстыру және құрастыру барысында тапсырмаларды сөздік нұсқама не</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көжек". Мақсат-міндеттері. Балаларға көжектің тіршілігі жөнінде ұғым беру; көжек туралы тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру; жабайы табиғат туралы қысқаша түсінік беру. Балалардың көжек туралы тақпақ арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және еске сақтауын дамыту. "Көжекке не береміз?" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Диалог құрып сөйлеуді дамыту. Ойын-имитация. "Кірпіжан". Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын барысында кірпі</p>	<p>"Үйшік" ертегісін мәнерлеп оқып беру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауаптарды ояту. Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, ширма. "Үйшікке қандай кейіпкерлер келді?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Үйшік" ертегісінің желісі жөнінде білімдерін пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылықты</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Тиін". Мақсат-міндеттері. Балаларды тиінмен таныстырып, оның тіршілік етуінің ерекшелігі туралы түсінік беру; ойындар барысында орман жағдайындағы тиіннің қорегін таңдауға талпындыру; балаларға тиінді сыртынан бақылату. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу) "Тиінге жаңғақ сыйлайық" шығармашылық рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Тиінге жаңғақтардың суреттерін салуды үйрету. "Балық аулаймыз" үстел ойыны.</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Қонжықтың сылдырмақтары". Мақсат-міндеттері. Балаларға домалақ және сопақша пішіндерінен тұратын қонжықтың сылдырмақтарының бейнесін жапсыруды үйрету; сылдырмақты қағаз бетіне тіке орналастыруға бейімдеу; желімдеу және майлықты қолдану техникасын қалыптастыру; қонжықтың жүрісі туралы түсінік беру; түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; табиғат әлеміне деген қызығушылықты арттыру. "Қонжық әні" рефлексиясы. (музыка) Мақсат-міндеттері.</p>
--	---	---	--	--	--

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Қ. Баянбаев "Тырналар". Аспанда самғайды Тырналар тізіліп. Біреуі қалмайды Қатардан үзіліп. Сақтайды сапарда Бірлікті кім мұндай?! Бұзылмас қатары Кәдімгі шынжырдай.</p>	<p>Д. Ахметова "Топ-топ". Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп.</p>	<p>С. Бегалин "Қазым". - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе?.. - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш.</p>	<p>"Сәбіздер" ойыны. Мақсаты. Ермексаздан кесектерді үзіп алу, бағандарды есу амалдарын игерту.</p>	<p>С. Сәрсенов "Кірпі". Үсті ине тізілген, Қолмен ұстауға болмайды. Сабағынан үзілген Ошағаннан аумайды.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)</p>				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)

Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**

"Үйшік" ертегісінің саусақ театры.

Мақсат-міндеттері: балалардың ертегілер әлеміне қызығушылығын арттыру; көркемсөз үлгілерін естіп, қайталауға бейімдеу.

Дайындық жұмысы: "Үйшік" ертегісін оқу, ертегіні қою, "Үйшікте қай аңдар тұрады?" дидактикалық ойыны, "Аңның" дене мүшелерін ата, үстел үсті театры «Үйшік», құрылыс материалдарынан үй құрастыру.

Қиылған бөліктерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). **(сенсорика)**

Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.

Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар.

Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.

Ән салу жаттығулары: аңдар туралы ән салуға шақыру. **(музыка)**

"Кірпі" музыкалық ойыны.

Мақсат-міндеттері: балаларды музыка және сөздер ырғағына сай, мәтіндегі сөздердің мәніне сай қимылдауға, тақпақ сөздерін қайталауға машықтандыру.

1.

Тікен, тікен түрпі,

Болыпты бір кірпі, (Иә-иә-иә.)

Өте қысқа қолы - (Хлоп, хлоп, хлоп.)

Ине толған жоны - (Топ, топ, топ.)

Секіруді білмепті,

Өзі тіпті күлмепті

Мінезі өте салмақты,

Шапалақтай алмапты

Тек мұрнымен үнемі,

Пырс-пырс етіп жүреді.

2.

Орманға кеп қояндар, (Иә-иә-иә.)

Секіруді үйретті - (Иә-иә-иә.)

Созып қысқа қолдарын

Шапалақтап ойнатты - (Хлоп, хлоп, хлоп.)

Әттең, бірақ кірпілер,

Пысылдауын қоймапты. (Пырс-пырс-пырс.)

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)

Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға шағын тақпақтарды жаттатудың маңызы".

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: шағын орталық,
«Балдырған»

Топ: кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11 - 24.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні : Соспанова Ж.С.

Тексерді:

Am

Оқу ісінің меңгерушісі: Алиманов А.Ж./Шокаева А.Т.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	20.11.2023	21.11.2023	22.11.2023	23.11.2023	24.11.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары".				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, ойыншықты көрсетуді, атауды үйрету; ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене бөлшектеріне, қимылына, коректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындау, су ағымы астына қолды ұстауларын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау әрекетін және суару үлгісін көрсету.</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>"Қарындаштарды (борларды, геометриялық пішіндерді) ыдыстарға түстеріне сай жина"</p> <p>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Құралдар: түрлі түсті қарындаштар (борлар, геометриялық пішіндер); заттардың әр түсі үштен кем емес.</p> <p>Шарты: заттарды бірыңғай түстер бойынша топтастыру. (сенсорика, танымдық дағдылар)</p>	<p>"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркемсөзді айтқызу кезінде ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін ойнауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады.</p> <p>Д. Ахметова "Тоқ-тоқ".</p> <p>Сылдырмақ</p>	<p>"Мозаика" үстел ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың көзбен қабылдау, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, мозаика өрнегін құрастыру.</p> <p>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табакшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баланың өрнекті құрастыру кезінде қандай пішіндерді салып жатқанын сұрастыра алады</p>	<p>"Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.</p> <p>(орыс тілінен аударма)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды өзін-өзі күту, беті-қолды жуу әдебіне үйрету; педагогтің соңынан көркемсөзді қайталап, жағымды әсерге бөленуге баулу.</p> <p><i>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су".</i></p> <p>Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!</p> <p>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.</p> <p>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне кезекпен салып жинау.</p> <p>Қандай тамаша! Алдымызда көп сандықша. Сандықшалар бірдей емес, Кішкентай, орташа, үлкен. Кішкентайды үлкеніне салайық, Барлығын үлкен</p>
--	---	---	---	---	--

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар</p> <p>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Бір-біріне қарау, қол ұстасып тұру. 1-1 қолды екі жаққа созу, "Табиғат тамаша!" деп айту. 1-2 қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшына тұру. "Күн қандай әдемі!" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау).</p> <p>2. Бастапқы қалып: қолды алға созып, қашықтықта бір-біріне теріс қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей. 2-1 қолды жібермей ұстап, оңға бұрылу "Күндей күлімдейік!" деп айту. 2-2 солға бұрылып, "Күндей күлімдейік!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу. (4 рет орындау). Бастапқы қалып: қолды алға созу, бір-біріне қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей.</p> <p>3-1 бірінші жұп қол ұстасып тұрып секіреді "Секіреміз доптай!" деп айту. 3-2 қол ұстасқан екінші жұп секіреді, "Секіреміз доптай!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау).</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста баяу ойналатын әуенжазбасын қосу.</p> <p>Біз ақылды бала, дарамыз, Өсеміз, алыптай боламыз. Үлкен саяхат жолында Досты қолдан ұстап барамыз.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Тура бағытта жүреміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен кейін тізбекте жүру дағдыларын қайталау; жүру икемділіктерін, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділіктерін арттыру; табиғатты аялауға, құрметтеуге ынталандыру; балаларға жаттығуларды қайталану арқылы бекіту. "Кім жылдам?" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын дамыту, топтасып ойнауды үйрету.</p>	<p>Музыка "Құстар әні". Мақсат-міндеттері. Балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, қызығушылығын білдіруге ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін жетілдіру.</p>	<p>Дене шынықтыру "Қасқырдан ептіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатармен жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өтуді үйрету; жүгіру және еңбектеу техникасын меңгерте отырып, жаңа қимылды тез қабылдай білуге машықтандыру. Балалардың жүгіру шапшаңдығын жетілдіру; еңбектеу кезінде балалардың ептілік, төзімділік, шапшаңдық қабілетін дамыту. Балаларды жаттығу кезінде батылдыққа, дәлдікке, достық қарым-қатынасқа, мәдениет және адамгершілік әдебіне, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу. "Қасқыр мен қоян" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жүгіру</p>	<p>Дене шынықтыру "Қасқыр мен қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өту іскерліктерін жетілдіру; жүгіру шапшаңдығын жетілдіре отырып, педагогтің нұсқауларына көңіл аударуды, жаттығуларды ептілікпен орындауға баулу. "Қасқыр мен қояндар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Педагогті мұқият тыңдауға, кеңістікті бағдарлауға, жүгіру кезінде ептілікті дамыту іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Бауырсақ қашты қояннан". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкері қоянның жанына қылқаламның ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізіп, дөңгелек бауырсақты салуды үйрету; қылқаламмен салынған "сызықты" бақылап отыруға дағдыландыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; мазмұнды сурет жөніндегі негізгі ұғымдар қалыптастыру; баланың өзі салған</p>
---	--	--	--	---	---

Серуенге дайындык	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналык дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

<p>Серуен</p>	<p>Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспандағы ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, әртүрлө бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. <i>Қ. Мырза Әли "Аспанда".</i> Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p>	<p>Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанына балшықтың жабысқанын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Инде нелер жысырынды? Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ</p>	<p>Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштардың құрылымына көңіл аударту, ағаштың дiңгегi бiреу, ал бұтақтарының көп болғанын байқату; зейiн, ойлау қабiлеттерiн дамыту. Аулада өседi ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпiлдеп жайқалады. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсiп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектiң үлгiсiне ерiп, қарапайым еңбек</p>	<p>Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылғанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды кел созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа.</p>	<p>Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, оның түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры - аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға</p>
---------------	---	--	---	---	---

Серуеннен оралу

Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Музыкадан ойын-жаттығу "Бауырсақ" ертегісін сомдайық. Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка арқылы әйгілі ертегі кейіпкерінің ерекшелігін түсінуге ынталандыру; музыканың сипатына қарай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін жетілдіру. "Бауырсақ" музыкалық мюзикл. Мақсат-міндеттері. Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету. Көркемсөзді мәнерлеп оқу. "Әлди, әлди!" Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру, жағымды</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Бауырсақ" ертегісі". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Бауырсақ» ертегісі желісін мұқият тыңдауға және ертегі мазмұны бойынша кейіпкерлер сөздерін қайталап айтуды үйрету; кейіпкерлердің (аңдардың) қимыл-қозғалыстарын қайталатып жаттықтыру. Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдауын, есте сақтауын дамыту. "Кейіпкер сөздерін жалғастыр" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттері. Ертегі кейіпкерлерінің сөздерін есте жаңғырту арқылы қайталату. "Ғажайып дорба" дидактикалық</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Ақтөс күшіктің үйшігі". Мақсат-міндеттері. Балаларды кірпіш пен призманың қасиеттерімен таныстыру; оқу қызметінде құрастыру тәсілдерімен: саусақпен сипау, үлгі бойынша қалыптарға орналастырумен таныстыру; кірпішті көлденең қойып, призманы кірпіштердің үстіне қою икемділіктерін педагогтің үлгісіне сай құрылыс нысанын жасауға жаттықтыру. Балалардың кірпіш пен призманың қасиеттерін қабылдау қабілеттерін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын,</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ит пен күшік". Мақсат-міндеттері. Балаларды ит пен күшіктің тіршілігімен таныстыру; олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы мағлұмат беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді атап көрсетуге машықтандыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер арқылы бір тұтас оқиға ретінде қабылдауды үйрету. "Не, қалай дыбыстайды?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Жануарлардың суреттерін дауыстарымен сәйкестендіруді үйрету. "Алма" ертегісін әңгімелеп беру. Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды". Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздерді саусақ қимылдарымен қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. Домалайды, домалайды, (жұдырықтарын айналдыру) Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау) Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақтау) Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақтау) Отырып ұстайсың ба? (шоқайып отыру, шапалақтау) Айналып ұстайсың ба? (тұру, айналу) Ұстатпайды</p>
--	---	--	---	---	---

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Шарлар". Мақсат-міндеттері. Ермексиздан көлемі ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалын игерту. (мүсіндеу)</p>	<p>"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы. Сары күнге ұқ-сап, Біз жүреміз "сап- сап". Бұлт келсе қап-тап, Жаңбыр жауар "там- там". (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! (көркем әдебиет)</p>	<p>"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу. Сылдырмақты соқпақ, Қолға алдық "тоқ- тақ". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук- тук". Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)</p>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Қиылған бөліктерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика)</p> <p>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.</p> <p>Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ойын "Пирамиданы құраймыз".</p> <p>Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту.</p> <p>Түрлі түсті шеңберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстіңгі түсті алып, Қайта кілемге шашамын.</p> <p>Ән салу жаттығулары: ертегі кейіпкерлері туралы ән салуға шақыру. Сылдырмақпен ойын. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында ертегі кейіпкерлері суретін бояу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық дағдылар)</p> <p>Н. Әлімқұловтың "Ойыншықтар" өлеңін драматизациялау.</p> <p>Мақсат-міндеттері: балалармен өлең жолдарын еске түсіру; өлеңнің бір шумағын есте сақтауға көмектесу; тәрбиешінің өлең оқығанда балалардың сөздерді (жарты дауыста) қайталауға талпыныстарын ынталандыру.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)</p>	<p>Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары".</p>

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : шағын орталық,
«Балдырған»
Топ: кіші жас тобы
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11 - 01.12.2023ж.
Педагогтың аты-жөні: Соспанова Ж.С.

Тексерді: *Am*
Оқу ісінің меңгерушісі: Алиманов А.Ж. \ Шокаева А.Т.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	27.11.2023	28.11.2023	29.11.2023	30.11.2023	01.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу".				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, оны атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастауды және суару үлгісін көрсету.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамал ілетін орынды немесе оның суретін көрсету.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау керектігі туралы түсіндіру.</p>
--	--	---	---	---	---

	<p>Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді педеготен кейін қайталап айтып, жаттығу жасауды үйрету; тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау. Алақай! Алақай! (шапалақтау) Келді суық қыс міне (алақанды уқалау), Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату), Жаттығу жасаймыз (шапалақтау), Бір-екі! Бір-екі! (жұдырықты түю және ашу) Қарды қағып, бір-екі (қолды қағу). (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Қолғап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогтің соңынан көркемсөз жолдарының ырғағы мен мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, бәріміз бірге ойнап көрейік. Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды бір-біріне уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау) Екінші жұп</p>	<p>"Аулаға қыс келді" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы ұғымдарын қалыптастыру; қардың жауғанына қарап, қыс туралы тақпақты педагогтің соңынан мәнерлеп айтуға ынталандыру. Аулаға қыс келді, Қыс келді, Қар шатырға түседі, Қар ағашқа түседі, Қар жерге қарай төменге, Бұлттан баяу түседі. Қарлар - жеңіл нүктелер, Көрінбейді бұлт пен жер. Түсіп жатыр, Түсіп жатыр, Аппақ көрпе жауып жатыр. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту.</p>	<p>"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану). Мақсат-міндеттері. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, оған үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашамын, оған үздіксіз үрлеймін. - Қарға не болды? - Иә, қар ұшып</p>	<p>"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында әртүрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса</p>
--	---	---	---	--	--

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар</p> <p>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Бір-біріне қарап, барлығы қол ұстасып тұру. 1-1 қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту. 1-2 қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру "Күн қандай әдемі!" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау).</p> <p>2. Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықта бір-біріне теріс қарап тұру, аяқ, иық деңгейімен бірдей. 2-1 қолды жібермей ұстау, оңға бұрылу "Күндей күлімдейік!" деп айту. 2-2 солға бұрылып, "Күндей күлімдейік!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықтан бір-біріне қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей.</p> <p>3-1 қолды жібермей ұстап тұрып, бірінші жұп секіреді. "Секіреміз доптай!" деп айту. 3-2 қолды жібермей екінші жұп секіреді, "Секіреміз доптай!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау).</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Қыс келді!</p> <p>Ду қол шапалақ! Қыстың тоны аппақ! Аппақ аула, Қуанады бала. Қыс келді! Ду қол шапалақ! Д. Ахметова</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Біз ептіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өту дағдыларын қайталату; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау; жүгіру шапшаңдығын бекіту. "Допты досыңа бер" қимылды ойын. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды ырғақты түрде орындау қабілетін дамыту, допты белгі бойынша беру, денені оңға және солға бұру, қозғалмалы нысанаға лақтыру, лақтыру және жүгіру, шеңберге салу дағдыларын бекіту.</p>	<p>Музыка "Жайсаң күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айтуға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; жомарт күздің мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айту қабілетін дамыту; дыбысты тыңдап, ажырата білу дағдыларына үйрету; ырғақты қимылды қайталай білу дағдыларын жетілдіру. "Түсінен таны" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың әртістік, шығармашылық</p>	<p>Дене шынықтыру. "Секірейік, тоңбайық!" Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында тұрып екі аяқпен бірге секіруді үйрету; секіру дағдыларына машықтандыру; бір орында тұрып секірудің техникасын жылдам меңгеруді үйрету. Балаларды бір орында екі аяқпен бірге секіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; орнында тұзу тұруды икемін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру. "Кенгуру" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында екі аяқты қосып секіруді, екі аяқпен секіріп жүгіруді</p>	<p>Дене шынықтыру "Кенгуру ұқсап секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орында тұрып, екі аяқпен бірге секіру дағдысын дамыту; бір орында тұрып секірудің техникасын жетілдіру; балаларды бір орында екі аяқпен секіру жаттығуын ынталанып жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту. "Кенгуру" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Межеге дейін екі аяқты қосып секіріп баруды үйрету.</p>	<p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Қар". Мақсат-міндеттері. Балаларға ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауды үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдерін жаттықтыру; ойын барысында қардың қасиеттері туралы түсінік беру. Мүсіндеу арқылы қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексаздан мүсіндерді мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту; құрдастармен ойын ойнау кезінде өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу. Ауада мүсіндеу жаттығуы.</p>
---	---	--	---	---	---

Серуенге дайындык	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналык дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	--

<p>Серуен</p>	<p>Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілінің ерекше табиғи құбылысының бірі - қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр? - Иә, айналамызда қар жатыр. - Қар қайда жатыр? Қар жерде жатыр. Жарайсыңдар! <i>Т. Шонаев "Қар".</i> Жауды, міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды, Тегістепті орларды.</p>	<p>Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілінің ерекше табиғи құбылысының бірі - қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр? - Иә, ақ қар жатыр. - Ақ қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. Не болған мына далаға? Ағаштар аппақ тонда, Бұталар аппақ болған, Ақ жолдар ізге толған.</p>	<p>Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлтты күн туралы ұғымдар беру, аспанның түсі сұр екенін байқату, бұлттар сұрланса қар жаууы ықтималдығын байқату. - Балалар, аспанға қараңдаршы. - Аспанның түсі көгілдір ме? - Аспанның түсі сұр. - Аспан сұр болса, қар жауады. Көк аспанды жаулайды Қалың сұр бұлттар. Бір жауса тоқтамайды Аппақ жауын, аппақ қар. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ</p>	<p>Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын қардың жоғарыдан төмен ақырын түсетініне аудару, қардың ақшақарлардан тұратынын, олардың жеңіл мамықтай ұшатынын байқату; зейін, түйсік, ой-қиялын дамыту. <i>Шәймерден Әлдибекұлы "Қар".</i> Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қырқалар. Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. - Балалар, байқадыңдар ма? Дала қандай тыныш! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды</p>	<p>Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. Не көріп тұрсыңдар? - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Қыста күн суық болады. - Адамдарға жылы киінеді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады. Қыс мезгілі. Суықта</p>
---------------	---	---	--	---	---

Серуеннен оралу

Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өздері қол жеткізген нәтижені көруді, оған қуануды үйрету. - Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. "қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" +</p>	<p>Сенсорикадан ойын-жаттығу "Қорқақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру қабілетіне үйрету; әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, түсі және түрлі топтама қасиеттері мен сапасы бойынша бірін-біріне сәйкестендіруге дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін</p>	<p>"Қоян қайда?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "эне", "міне", "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын сілтеу есімдіктерін қолданып айту. - Балалар, бізге қонаққа қоян келді. - Қоян бізбен ойнағысы келеді. - Ол жасырынса, тауып алу керекпіз. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "эне", "міне", "анда" сияқты жауаптар қайтарамыз. Қоян қорқақ, Ұзын құлақ.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Аппақ қар". Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның түгін бояуға малып, алдын ала боялып қойған көк түс алаңын қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдармен, нүктелі дақтармен толық бояуды үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін бақылап, бояуға қайта малу амалын қолдануға дағдыландыру; қылқалам қалдырып жатқан "нүктелерді" балалардың бос жерлерге қайта салып отыруын қадағалау; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; қыс мезгілі туралы</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Алақай, қыс келді!" Мақсат-міндеттері. Балаларда қыс мезгілі туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру; қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстармен таныстырып, қыс айларының адам өміріне пайдалы ықпалы туралы түсініктер негізін қалыптастыру. "Биіктен төмен тізбек" дамытушы ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Заттардың биіктігін салыстыруды үйрету. "Күн райы" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балаларға ауа райының негізгі құбылыстарын байқауды, ажыратуды үйрету; атауларын атауға</p>
--	---	--	---	---	--

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" Алақай! Алақай! Келді суық қыс міне, Біз далаға шығамыз, Жаттығу жасаймыз, Бір, екі! Бір, екі! Қарды қағып, бір, екі! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана үндемей. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Ш. Әлдибекұлы "Қар". Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қыр қарлар. Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Қар жауды". Мақсат-міндеттері. Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алу, шарларды илеу амалдарын игерту. (сөйлеуді дамыту)</p>
-------------------------------------	--	--	---	---	--

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Қиылған бөліктерден тұтас суретті жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика)</p> <p>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.</p> <p>Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ән салу жаттығулары: қыс мезгілі туралы ән салуға шақыру. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілінің суретін бояу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық дағдылар)</p> <p>"Шұбар тауық" ертегісін рет-ретімен құрастыр" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларды бірнеше суреттерден "Шұбар тауық" ертегісінің желісін құрастыруға машықтандыру; еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>- Балалар, алдарыңда жатқан бірнеше суреттерге қараңдар. Оларды "Шұбар тауық" атты ертегінің желісі бойынша бір ретке тізіп алайық.</p> <p>- Карточкаларда қандай ертегі бейнеленген? Қандай суретті бірінші орналастырамыз? Онда не бейнеленген? Ата мен әженің үйінде не бар? Енді қандай суретті қою керек? Тауық не істеді? Керек суретті тап. Одан кейін не болды? Жұмыртқаны бірінші кім жарып көрді? Ата ма, әже ме? Одан кейін не болды? Қай суретті ең соңына қоямыз? Тауық ата мен әжені қалай жұбатты? (Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап бере отырып, карточкаларды орналастырады.) Тауық көп жұмыртқа тапты, бірақ алтын емес, жай жұмыртқалар. Олардан балапан басып шықты. Қане, балалар, балапан болыңдаршы.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу".</p>